

Баспасөз хабарламасы

Нұр-Сұлтан қ., 27 мамыр 2021 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 2020 жылдағы қызмет қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдағанын хабарлайды

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан және БСН 970 540 000 107, 2012 жылғы 29 тамыздағы қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлік сериясы 62001 №0015217, Кбе 16, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, SWIFT BIC: HSBKZKX, KZ 536010111000012185 (теңге) реквизиттері бар «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) 2021 жылы 26 мамырда Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында сырттай дауыс беру арқылы 2020 жылға Қоғамның жай акциялары бойынша дивидент төлеу туралы шешім қабылдағанын хабарлайды:

- дивидент төлеуге жіберілетін сома – 50 770 909 068 (елу миллиард жеті жүз жетпіс миллион тоғыз жүз тоғыз мың алпыс сегіз) теңге;
- бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері – 132 (бір жүз отыз екі) теңге;
- Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд алуға құқы бар Қоғам акционерлерінің тізімі 2021 жылғы 11 маусымдағы 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады;
- дивиденд төлеуді бастау күні – 2021 жылғы 18 маусым.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу ақшамен, оларды Қоғам акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіпте дербес аудару және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ тұлғасындағы төлем агенті арқылы жүргізіледі.

Құрметті акционерлер,

Дивидендтерді дер кезінде алу үшін бағалы қағаздар иелерінің тізілім жүйесіндегі өз деректеріңіздің өзектілігіне көз жеткізу керек, сонымен қоса олардың өзгеруі жағдайында, делдалдық қызмет көрсету шартымен жасасқан делдалдық компанияға жолыққан, немесе «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ны Қоғамның акциялар иелерінің тізілім жүйесін жүргізуге керекті деректердің (оның ішінде, банк шотының реквизиттері) өзгергені туралы мәлімдеудің мақсатында жолыққан жөн.

Көрсетілген өзгерістерге сәйкес, акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, оған тиесілі дивидендтер оның «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тың есепке алу шотында ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған арнайы шотына аударылатын болады. Өз кезегінде, Қоғамның акционер «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-қа өтініш жасау арқылы осы шоттан дивидендтерді талап етуге құқылы болады.

**Инвесторлармен байланыс қызметі
«ҚазТрансОйл» АҚ**

